



ТҰРАҒА- ҚАЗАЛЫ

№87
(2362)

Сәрсенбі
12 қараша
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СЫР СҮЛЕЙІ – ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТ

Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар Сыр бойының шайырлары – ел руханиятының мәңгілік шамшырағы. Сол сүлейлердің бірі Қарасақал Ерімбет Көлдейбекұлы (1850–1906ж.) – терең ойлы толғауларымен, шешендік, шебер сөз саптауымен халық жүрегінен орын алған дара тұлға. Ол XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Сыр өңірінде жыршылық, шайырлық өнерді жаңа биікке көтеріп, сөз өнерінің тәлім мектебін қалыптастырған көрнекті өкіл.

Қарасақал Ерімбет өз дәуірінде елді бірлікке, имандылыққа, білім мен ізгілікке үндеген. Шайырдың терме-толғауларында адамгершілік, әділдік, дін мен дәстүрдің сабақтастығы кеңінен көрініс тапқан. Ол халықты рухани оянуға шақырып, шәкірт тәрбиелеу ісімен айналысқан. Ерімбеттің мұралары қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба поэзиясын тоғыстырған алтын көпір іспетті.

Ұлы тұлғаның 175 жылдық мерейтойына орай Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Сыр сүлейі – Қарасақал Ерімбет» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті. Шара Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Қазалы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өткізілді.

Алқалы жиынды Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Есмаха-



нов сөз сөйлеп ашып, қатысушыларды ұлы шайырдың мерейтойымен құттықтады.

– «Баба мұрасын зерттеу, жинақтау, насихаттау арқылы рухани сабақтастықты сақтау – бүгінгі ұрпақтың борышы. Ерімбет Көлдейбекұлының тағылымға толы мұрасы – ұлт руханиятының алтын арқауы», – деді аудан басшысы.

Жиында «Қарасақал Ерімбет: ауызекі айту дәстүрінің шайырлық поэзияға ұласу үдерісі» тақырыбында Қазақстанның еңбек сіңірген ардагері Берік Жүсіпов, «Ерімбет Көлдейбекұлының толғау-термелеріндегі ғибраттық ойлар» тақырыбында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ұлжан Жаңбыршиева баяндама жасады. Филология ғылымдарының кандидаты Гүлзира Сапарқызы Оралова Ерімбеттің айтыс дәстүріндегі шеберлігін, сөз өрнегінің поэтикалық ерекшелігін тал-

дады. Сондай-ақ, PhD докторы Күнімжан Тыныштықбекқызы Құдайберген шайыр мұрасының тәрбиелік және рухани маңызын атап өтті.

Конференцияда Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Қараман Қонысұлы Қараша, ақын, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты Балапан Даража Нәбиқызы сөз сөйлеп, Ерімбет шығармашылығының ұлт руханиятындағы орнын жоғары бағалады.

Конференция соңында Ерімбет Көлдейбекұлының мұрасын насихаттау, Қазалы ауданында жыл сайын «Ерімбет оқуларын» өткізу, аудандық кітапханада Қарасақал Ерімбет бөлмесін ашу, жас айтыскерлер үйірмесін ұйымдастыру сияқты бірқатар игі бастамалар жүзеге асырылатын болып келісілді. Сонымен қатар, «Бозкөл» аулындағы Ерімбет есімін иеленген мектеп пен Қазалы қаласындағы саябақтағы баба бюстін абаттандыру жұмыстары жоспарланды.

Конференция жұмысы аяқталған соң Сыр шайырының рухына арналып ас берілді.

Қарасақал Ерімбет Көлдейбекұлының өмірі мен мұрасы – ұлт руханиятының сарқылмас қазынасы. Конференция баба есімін ұлықтаумен қатар, ұрпақ санасына ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарын сіңірудің жарқын үлгісі болды.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЫРШЫ-ЖЫРАУЛАР БАЙҚАУЫ

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы мәдениет үйінде Ерімбет Көлдейбекұлының 175 жылдығына арналған «Ұлағат жырым ұрпаққа» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауы өтті.

Республикалық байқауға Астана, Алматы, Қызылорда қалалары мен Маңғыстау облысынан және Қармақшы, Арал, Қазалы аудандарынан жыршы-жыраулар қатысты.

Жыршы-жыраулар байқауын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов сөз сөйлеп ашып, жиналған жұртшылықты Ерімбет Көлдейбекұлының 175 жылдығымен құттықтады. Сондай-ақ Сыр сүлейінің өмір жолы мен ұлттық өнерге қосқан баға жетпес үлесі жайында айтты.

– Қазақтың мәдениеті, өнері бұл ұлттың рухани тірегі, өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір. Ал, қазақ өнерінің жыршылық дәстүрі төл әдебиетіміздің бастау бұлағы, руханиятымыздың асыл

мұрасы, баға жетпес рухани қазынамыз. Қазақтың жыраулық өнерінде есімдері алтын әріппен жазылған тарихи тұлғалар. Қорқыт ата, Асан қайғы, Қазтуған жырау, Бұқар жырау және Шал ақын мен Үмбетей сынды жыраулардың шығармалары арқылы, біз халқымыздың тарихын, елдік рухын, дүниетанымын терең ұғынып келдік. Ал, Сыр сүлейі атанған Қарасақал Көлдейбекұлы жыршылық дәстүрде ерекше есімдері аталған тарихи тұлғалардың жалғасы. Ерімбет Көлдейбекұлы сынды тарихи тұлғаларды дәріптеу арқылы біз ұлттық санамызды жаңғыртып, жастарымыздың бойына отаншылдық пен рухани құндылықтарды сіңіреміз. Қазалы ауданында Ерімбет шайырдың 175 жылдық мерейтойына арналған ауқымды мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылып, ғылыми бағылымдар, тарихи-танымдық конференциялар, жыр көштері, шығармашылық байқаулар өтуде. Бұл өткенге тағзым, келешекке аманат, рухани та-

мырмен қайта табысу. Рухани жаңғыру – өткенді танудан басталады, киелі өнердің шамшырағы болған Ерімбет шайырдың есімі ұмытылмай, мәңгі жаңғыра берсін, – деді аудан әкімі.

Байқауға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов қатысып сөз сөйлеп, республикалық жыршы-жыраулар байқауына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау қортындысы бойынша жүлделі үшінші орын қармақшылық ең жас термеші Талант Балтабайға, Астана қаласынан келген жыршы Базарбайұлы Сырсұңқарға Қазалылық жыршы Айдос Тұрарға бұйырды. Ал, екінші орынды алматылық Нұртуған Ұлдана мен Арал ауданынан келген жыршы Гүлжамал Бейісова иеленді. Байқаудың бірінші орыны қызылордалық қобызшы Марат Сүгірбайға табысталды. «Ұлағат жырым ұрпаққа» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауының бас жүлдесін Қызылорда

қаласынан келген жыршы Жақсан Жәнібек иеленді.

Айта кетейік, байқау қортындысымен үшінші орынға 150 мың теңгенің қаржылай сертификаты, екінші орынға 300 мың теңге, бірінші орынға 500 мың теңге, ал, бас жүлдеге 700 мың теңге қаржылай сертификаттары табысталды. Ал, қалған байқауға қатысушылар 50 және 100 мың теңгелік қаржылай сертификаттарға ие болды.

Республикалық жыршы-жыраулар байқауына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Берік Жүсіп, Ерімбеттанушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Қараша Қараман, жыршы, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Серік Жақсығұлов, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлы қазылық етті.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ДРАМА ҮЙІРМЕЛЕРІНІҢ ФЕСТИВАЛІ

Қазалы ауданында астарлы әзіл, шымшыма шындыққа толы туындыларымен елдің ыстық ықыласына бөленіп, күлкінің ішінде үлкен ой тудырған сатирик, қаламы ұшқыр дарын иесі Әбдрасул Ахметовтың 70 жылдығына орай әзіл-сықақ драма үйірмелерінің аудандық фестивалі өтті.

Әйтеке би кенттік Мәдениет үйінде өткен «Сахнада өткен ғұмыр» атты фестивалге аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, фестивалге қатысушы өнерпаздарға сәттілік тіледі. Сондай-ақ ерекше дарын иесінің ауданның мәдениет саласының дамуына қосқан үлесі жайында айтып өтті.

-Сатира ел ішінде жүрген шын суреткердің, шын ізденімпаздың, шын ұлт жанашырының қаруы. Бұл өнердің салмағы жеңіл көрінгенімен, жауапкершілігі зіл батпан. Осы жолда талмай еңбек етіп, өзінің дара қолтаңбасын қалыптастырған Әбдрасул Ахметұлының еңбегі зор құрметке лайық. Әбдрасул Ахметұлы Қазалы топырағының тынысын терең түсінген, ел ішіндегі тіршілікті



қалт жібермей, қоғамға ой тастай білген санаулы дарын иелерінің бірі. Жастарға жол көрсетіп, өнердегі өрендерге өнеге болған тұлға. Ағамыз өнегелі өмір жолында бірнеше жылдар бойы ауданымыздың мәдениет саласын басқарып, саланың дамуына үлкен үлес қосты. Мәдениет саласында еңбек ете жүріп, Ахметовтерден құралған Қазалының «Тамашасын» құрды. Өнерлі ұжым ерекше сатиралық қойылымдарымен көрермендерінің ықыласына

бөленді. Бүгінгі фестиваль елге еңбек еткен, ұлтты рухын күлкімен көтере білген азаматқа көрсетілген құрмет. Ағамыздың өмір жолы жас қаламгерлер мен өнерпаздарға үлгі, өшпес өнеге. Аудандық фестивалге қатысушы әзіл-сықақ драма үйірмелеріне сәттілік тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мұнан соң Әбдрасул Ахметовпен бірге қызмет істеген, замандасы болған ел ағалары: Нажмадин Шамұратов, Жанат Бекжанов, Сақтаған Ешмаха-

нов, Құдайберген Есекеев сахна төріне көтеріліп, сатира саңлағы жайында жылы естеліктерімен бөлісті.

Аудандық фестивальдің қортындысымен «Көрермен көзайымы» номинациясымен аудандық оқушылар Үйінің «Өнегелі орда» драма ұжымы, «Өнерлі ұжым» номинациясымен Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйінің «Шабыт» драма ұжымы, «Ойлы әзіл» номинациясымен Жалаңтөс батыр ауылдық клубының драма ұжымы, «Сатира саңлақтары» номинациясымен Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының «Қазалы қалжыңы» ойын-сауық отауы, «Үйлесімді сатира» номинациясымен Әйтеке би кенттік мәдениет Үйінің «Кент шоу» драма ұжымы, «Күлдіріп отырып жылатқан» номинациясымен Қашақбай Пірімов ауылдық клубының драма ұжымы марапатталды.

Ал, сахна саңлағы Әбдрасул Ахметовтың достары бүгінгі фестивалдің жеңімпаздары аудандық мәдениет орталығы жанындағы «Қазалы қалжыңы» ұжымына «Үздік әзіл-сықақ» арнайы номинациясын табыстады.

СПОРТ КЕШЕНІ МЕН АУЫЛДЫҚ КЛУБ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ



Биыл Қазалы ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорт кешені мен «Майдакөл» аулында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Бекарыстан би аулындағы салынып жатқан спорт кешені мен «Майдакөл» ауылындағы ауылдық клубтың құрылысын көріп, мердігерлермен кездесті.

Бүгінгі күнге дейін Бекарыстан би аулындағы спорт кешенінің іргетасының колонналарына бетон құю, 10 кВ электр желісін және ауыз су желісін жүргізу жұмыстары атқарылды. Қазіргі таңда темір қаңқалары тікейтіліп монтаждау жұмыстары

жүргізіліп, құрылыс-монтаж жұмыстарының 40 пайызы орындалды. Спорт кешенінің құрылысымен мердігер мекеме «Жылу ХХІ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі айналысуда.

Ал, «Майдакөл» аулындағы ауылдық клуб құрылысының бүгінгі күнге 90 пайызы аяқталды. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Намыс-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нысан аумағын абаттандыруда.

Аудан басшысы құрылыс нысандарын аралау барысында спорт кешені мен ауылдық клубтың құрылысын мерзімінен кешіктірмей сапалы етіп аяқтауды және мердігер мекеме мен тиісті сала басшыларына құрылыс жұмыстарын күнделікті қатаң бақылауды тапсырды.

ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҮШІНШІ АЙНАЛЫМЫ

Қазалы ауданында гандболдан ХІІ-ші облыс чемпионатының 3 - інші айналымының жарысы басталды. Әйтеке би кентіндегі №204 орта мектептің спорт залында өткен жарысты аудан әкімі Алмасбек Есмаханов сөз сөйлеп ашып, спортшыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Президентіміз бен аймақ басшысының қолдауымен өңірдің спорт саласында жүзеге асып жатқан нәтижелі жұмыстар жайында айтып өтті.

-Қазалы ауданында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен Қ.Пірімов, Үрмәш Түктібаев ауылдарынан бұқаралық спортты дамыту мақсатында заманауи спорт кешендері, сондай-ақ бірқатар елді мекендерде спорт алаңдары мен ойын алаңдары салынып, пайдалануға берілді. Өткен жылы аудан орталығында 200 адамға арналған «Әмір арена» спорт кешені ашылды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кентінде, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында үш бірдей спорт кешендерінің құрылысы жүргізілуде.

Жыл сайын қазалылық спортшыларымыз түрлі деңгейдегі ірі жарыстарда топ жарып, аудан абыройын асқақтата түсуде. Сондай-ақ, Қазалы ауданында гандбол спорты өте қарқынды да-

мып келеді. Себебі ауданның гандболшы қыздарынан құралған команда жыл сайын республикалық, облыстық чемпионаттарда аудан абыройын асқақтатып келеді. Қазалы ауданының гандболдан қыздар құрамасы «Алтын күз» дәстүрлі облыстық спартакиадасының 5 мәрте жүлдегері, облыс чемпионатының қола жүлдегері атанды. Ал, гандболдан аудан құрамасының мүшесі Көпжан Бану Қазақстан Республикасының 8 дүркін чемпионы, клубтар арасында Қайсар құрамында Азия жеңімпазы, 4 жылда бір болатын Азия ойындарының қола жүлдегері атанды. Бүгінде біздің спортшылар спорттың қай түрінен болмасын қасиетті Қазалының спорттық айбынын лайықты түрде қорғап келеді, - деді аудан әкімі.

Жарыстың ашылу салтанатында Қызылорда облысының гандбол федерациясының президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вячеслав Ким сөз сөйлеп, ұйымдастырушылармен жарыстың жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен аудан әкіміне ризашылығын жеткізді.

Айта кетейік, гандболдан ХІІ облыс чемпионатының 3 - інші айналымының жарысына Қызылорда қаласы мен облыстағы барлық аудандардан 8 команда бақ сынады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АУЫЛЫНДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Ғани Мұратбаев ауылында бірлік пен ынтымақтың, имандылық пен бауырмашылдықтың рухани қайнар көзі – «Қуандық Әулие» атындағы жаңа мешіттің ашылу рәсімі өтті.

Имандылық үйінің ашылу салтанатына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, ізгілікке, мейірбандылыққа шақыратын мешіт қызметінің маңызы зор екендігіне тоқталып, ауыл тұрғындарын жаңа мешіттің ашылуымен құттықтады.

– Мешіт – кез келген адам баласын тіліне, нәсілі мен ұлтына қарап бөле-жармай бір жерге тоғыстыратын құтты мекен. Жас ұрпақ бойына имандылық қасиет ұялату үшін мешіттердің атқаратын рөлі зор. Өйткені, мешіт – ғылым, білім, тәрбие мен тағылым, иманның орда-сы. Жүрегі ізгілікке толы жандардың аманатымен, ба-



стамасымен қолға алынған «Қуандық Әулие» атындағы мешіттің бой көтеруіне ауыл халқы зор үлес қосты. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» ауызбіршіліктің ерен үлгісін көрсетіп, имандылық үйін салуға аянбай тер төккен азаматтарға ерекше

алғысымды білдіремін. Жаңа мешіттің ынтымақ пен рухани достыққа шақыратын орынға, имандылық жолындағы рухани білім ошағына айналуына тілекшімін. Баршаңызды жаңа мешіттің ашылуымен тағы да құттықтап, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік

тілеймін, - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Аудан басшысынан кейін Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаев сөз сөйлеп, жаңа мешіт халықтың рухани жаңғырып өркендеуіне үлес қосатын, жастарды жақсы бағытта тәрбиелеуге үлкен мүмкіндік беретін орын екенін жеткізді.

Игі шарада «Қуандық Әулие» атындағы жаңа мешіттің салынуына үлес қосқан ауыл азаматтарына аудан әкімінің және облыстың бас имамының «Алғыс хаты» табысталды.

Айта кетейік, Ғани Мұратбаев ауылындағы «Қуандық Әулие» атындағы мешіт 2003 жылы ашылған болатын. Мешіттің ескіруіне байланысты бүгінде ауыл азаматтарының ауызбіршілігімен жаңа мешіт бой көтерді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ӨМІРІМЕ ӨЗГЕРІС СЫЙЛАҒАН УМРА САПАРЫ

Умра – Раббымыздың қонағы болуға бағытталған қасиетті сапар. Бұл ақыретті аңсаған жүректің сапары. Ол жаққа адам жан тыныштығын табу үшін, Алламен байланысты нығайту үшін сапар шегеді. Сол умраға менің сапар шегуім мейірімі шексіз Алланың қалауымен нәсіп болды. 52 жыл отасқан әйелім Ақжығам о дүниелік болып көңілім жабырқап, жетімсіреп жүргенімде ізгілік пен адалдықты басты ұстаным етіп жүрген ауданның бас имамы Нұрдаулет Асқарұлы бастаған дін, мешіт жанашырлары, жамағаттар болып қаржы ұйымдастырып, Ұлы сапарға баруыма көмектесті. «Таупих Травил» компаниясы арқылы қасиетті мекенге баруымызға Елсияр есімді Түркістандық араб және ағылшын тілін өте жетік меңгерген жас жігіт жетекшілік етті.

Алматыдан ұшаққа отырған біздерді 4 сағатта Абу-Даби шаһарына таң алдына таман жеткізді. Түске таман Абу-Даби шаһарынан ұшаққа отырып екі жарым сағаттай ұшып қасиетті арман болған Мадина шаһарына табан тіредік. Жайғасқан қонақ үйіміз Пайғамбар (с.ғ.с) мешітіне қашық емес. Бесін намазымызды адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) мешітінде оқыдық. Мұндай үлкен мешітте болады екен ау деп таңырқадық. Әр мемлекеттерден келген қажылар құлшылықтарын өтеп жатыр. Түрлері, тілдері бөлек болғанымен бәрі де мұсылманшылық парыздарын өтеуде.

Мадинаға барған соң кешкілік тамақтарымызды

ішіп, намаздарымызды оқып болған соң жетекшіміздің б а с ш ы л ы ғ ы м е н Пайғамбарымыздың қабіріне барып зираттап қайттық. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) оң жағында сахабалары Біләл (а.с) сол жағында Омар (а.с) жатыр. Пайғамбарымыздың мінбері бар. Пайғамбар қабірі мен мінберінің ортасында екі ракат намаз оқып түн ортасы ауа Раузаға кірдік. Яғни, пайғамбар (с.ғ.с) мінбері мен қабірінің арасы жәннәт бақшаларының бірі болып саналады екен. Ертеңіне «Құба» мешітіне бардық. Онда Сұлтан Бейбарыс бабамыздың аталмыш мешітке сыйлаған мінберін және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) намаз оқыған орнын көріп екі ракат намаздарымызды оқыдық.

Одан Ухуд тауына барып шаһидтерге зиярат жасадық. Құрма бағына барып құрма ағаштарының көлеңкесінде отырып дәмі тіл үйретін шәй ішіп, құрма жедік. Дәмі тіл үйретін дәмі де, иісі де бөлек шәйді мейірлене отырып іштік. Елге базарлыққа ең жоғарғы сортты құрма алдық.

Мадина шаһарына келіп Пайғамбар (с.ғ.с) мешітінде жұма намазын оқыдық. Рухани серігіп, әрі демалып, тазарып қалдық. Зауал ауа жайлы да салқын көлікке отырып, Мекке шаһарына жүріп кеттік.

Мадина шаһары мұсылмандар үшін нұрлы қала. Әрі бұл қалаға тажал кіре алмайды, бұл қалада оба ауруы болмайды екен.

Меккеге 5 сағаттан астам жол жүріп, Эмар деп аталатын қонақ үйге жайғастық. Түнделетіп

Ихрамға кіріп, қасиетті Қағбаға тобымызбен бардық. Әуелі жол-басшымыздың айтқан ережелерін мұқият тыңдап, шомылып, жуынып Ихрам деп аталатын екі бөліктен тұратын ақ матадан дайындаған киімімізді киіп алдық.

Дұғамызды оқып, қасиетті Қағбаны 7 рет айналу рәсімін жасап болып, Мәруа мен Сафа тауларының арасындағы жерлермен 7 рет жүрдік. Ажар анамыз бен оның Ибраһим есімді сәбиінің ізі қалған жер-



лерге табанымыздың тигеніне көңіліміз босады. Одан соң шаштарымызды қысқартып, өз алдына үлкен мәні бар құлшылығымыз Умрамызды жасап бір рахаттанып қалдық.

Бірінші күні өзіме, екінші, үшінші, төртінші күндері әкеме, анама, әйеліме Умрамды жасап, бір ерекше серпіліп жеңілденіп қалдым. Қасиетті Қағбаны

көрудің рухани ләззәті мен әсерінің қандай екенін жүрекпен сезініп, толқыдым. Мейірімі шексіз Алланың нәсіп еткеніне ризашылығымды білдіріп, шүкіршілігімді айтып көңілім босады.

Қағбаны көзбен көру жүрек көзін ашатын амал екен. Жаратушыны еске алудың ең жоғарғы деңгейі екен. Әлем мұсылмандары өкілдерімен бірге қасиетті мекенде парызымызды өтедік. Дубай, Жидда шаһарымен Қызыл теңізде, Арафат тауында болдық. «Шейх Зейд» мешіті мен мұсылмандар мұражайына бардық. Хауа анамыздың қабірін, Ибраһим пайғамбарымыздың алғашқы құрбан шалған орнын, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) дұшпандарынан паналаған таудағы үңгірін көріп, ішкі жан дүниемізбен жүректегі сенімімізді жаңғырттық. Бір кездері қасиетті мекенде елшілік қызмет атқарған, біртуар азамат Нәзір Төреқұловтың өлшеусіз еңбегімен салынған Құран Аркасына барып суретке түстік. Қасиетті мекенде тұрып демеуші болған бауырларымызға, отбасы мүшелеріне, өлілерімізге, тірілерімізге Алладан тілек тілеп дұға жасаумен болдық. Бұл мен үшін өміріме ерекше өзгеріс сыйлаған сапар болды.

Барлық маған көмек қолын созған қазалылық бауырларымызға Алла тағала сауаптан жазғай. Қасиетті мекендегі зәм-зәм суындай ниетімізді тазартып, жаратушы иеміз баршамызға Умраны нәсіп етпей. Әмин!

Бегеныш ЖАҚСЫБАЙ, Әйтеке би кенті

СУПЕРМАРКЕТТЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІҢІЗ КЕРЕК?



Жыл сайын супермаркеттер мен сауда орталықтарына сұраныс артып келеді. Алайда жайлылықпен қатар даулы жағдайлар туындайтыны жасырын емес. Мысалы, қауіпсіздік қызметкерлері сөмкеңізді арнайы ұяшыққа қалдыруды талап етеді немесе сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Мұндай әрекеттердің қаншалықты заңды екенін түсіндіреміз.

Біріншіден, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (24-бап) азаматтың тауарлар мен қызметтерге еркін және қауіпсіз қол жеткізу құқығын бекітеді. Бұл сатып алушы сауда залына жеке заттарымен, яғни сөмкемен, рюкзакпен еркін кіре алатынын білдіреді. Заңның ешқандай нормасы оларды сақтау камерасына тапсыруға міндеттемейді. Егер күзетші сізге мұны ұсынса, өз еркіңізбен келіскен жағдайда ғана заң шеңберінде әрекет етеді. Мұндай жағдай ҚР Азаматтық кодексінің 39-тарауында, "Сақтау шартымен" реттеледі. Ал 380-бапқа сәйкес кез келген шарт өзара келісім бойынша жасалады.

Көбіне шығарда күзетші сөмкені ашып көрсетуді сұрайды. Алайда бұл талап емес, сыпайы өтініш қана және сіз бас тартуға толық құқығыңыз бар. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ҚР ӘҚБтК)

сәйкес, 16-бапта жеке тексеру және заттарды тексеру тек әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайларда ғана, тек уәкілетті органдар, яғни полиция қызметкерлері тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар бейнежазбаға түсіріліп, міндетті түрде хаттама толтырылуы керек (ҚР ӘҚБтК 791-бабын қараңыз). Күзетші сізді ұстап алуға да, тексеруге де құқылы емес. Күзетші полицияға қоңырау шалып, оның келуін күтуі керек.

Күзетшілердің өкілеттіктері "Күзет қызметі туралы" ҚР Заңымен қатаң реттелген. 1, 3 және 4-баптарға

сәйкес, күзетшілер қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және мүлікті қорғайды, бірақ бұл ретте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға құқығы жоқ. Бұл олардың жеке тексеру жүргізуге, тінтуге, заңды негізсіз күш қолдануға немесе қозғалыс еркіндігін шектеуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Күзет қызметкерінің өкілеттігін асыра пайдалану ҚР Қылмыстық кодексінің 252-бабы ("Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің өкілеттігін асыра пайдалану") бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкелуі мүмкін.

Егер сіздің құқықтарыңыз бұзылған болса, сабырлы әрі сауатты әрекет етіңіз. Заңсыз талаптардан сыпайы түрде бас тартыңыз, полиция шақыруды ұсыныңыз. Не болып жатқанын бейнежазбаға түсіріп алыңыз немесе куәгерлерді тарту арқылы тіркеңіз, содан кейін супермаркет әкімшілігіне шағым түсіріңіз немесе жергілікті полиция бөліміне жүгініңіз.

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің
Қызылорда облысы бойынша
сауда және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
департаменті**

КЛАСТАС ДОСЫМЫЗ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

№ 2 5
орта мек-
тепте пар-
тада қатар
отырып,
оқыған
досы-
мыз Әнес
Бекжанұлы
Дидаров
ұзаққа
созылған
ауыры-
науқастан
кейін
өмірден
озды. Дос



қазасы қабырғамызды қайыстырды. Көңілімізге кірбің ұялатты. Жүректі толқытты. Жастық шақта бірге өткізген күндерімізді еске түсірді. Алланың ісіне шарасыздық таныттық.

Біздер Әнес досымызды мақтан тұтушы едік. Өйткені ол біздің арамьздан суырылып шығып, биік белестерге көтерілді. Өзінің қабылет-қарымымен жақсы маман атанып, бірнеше шаруашылыққа басшылық етті. «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі қызметінен зейнеткерлік демалысқа шықты. Ең бастысы қарымды қызметімен абыройға бөленді. Біздер оның қызметтегі жетістіктеріне әрдайым тілекші болдық.

Қайран, аяулы достың өмірден өткені өкінішті. Енді мәңгілік мекеніңде топырағың торқа болсын! Жәннаттың төрінен орын ал. Сенің есімің біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады. Сен көрмеген қызық жан-жарың Гүлжан мен перзенттеріңе, ағайын туыстарыңа бұйырсын!

Кластас достары

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫ

Көкжөтел – бұл көбінесе балаларда байқалатын және белгілі бір клиникалық көрінісі мен белгілері бар инфекциялық ауру. Көкжөтелдің ерекшелігі – тыныс алу функциясының бұзылуы және аурудың дамуы кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарының зақымдануы.

Жиі асқынулар екі жасқа дейінгі балалар мен қарт адамдарға анағұрлым тән. Алайда, кез келген жаста ауру әл-ауқатты едәуір нашарлатуы мүмкін. Сондықтан көкжөтел белгілері мен инфекцияны жұқтырудың алдын алу әдістерін білу маңызды.

Көкжөтелдің белгілері

жоғары тыныс жолдарының бактериялық инфекциясына ұқсас:

- дене қызуының +38°C-қа дейін көтерілуі, қалтырау;
- әлсіздік, бұлшықеттердің «сырқырауы», бас ауруы;
- мұрын жолдарынан ағу, мұрынның бітелуі, құрғақ жөтел, шырышты қабықтың ісінуі.

Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-тамшылы жолмен жұғады. Ауру адам аурудың айқын сатысы басталғаннан кейін 30 күн ішінде алғашқы патологиялық

көріністерден инфекцияны тарата алады. Жөтелдің қарқындылығы сияқты белгі биологиялық сұйықтықтағы (сілекей, шырышты қақырық) қоздырғыштың таралу дәрежесімен байланысты.

Көкжөтелге қарсы негізгі алдын алу шарасы вакциналау болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан: дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден, полиомиелиттен, В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында

АБКДС бар бес және алты компонентті құрама вакциналарды қолдана отырып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет. 2 айдан бастап 1 ай аралығында 3 екпе, кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцинация 6 жаста жүргізіледі.

Балаңызды иммундауды кешіктірмеңіз! Оның денсаулығы – сіздің қолыңызда!

**Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.